

**«Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК
2020 жылдың 1 жартышылдығындағы сыйбайлас жемқорлық
ықтималдығына талдау**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Допингке қарсы ұлттық орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі — ДҚҰО) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2020 жылға арналған Жоспарына сәйкес 2020 жылдың 27 мамырында ДҚҰО-та Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын зерделеу бойынша семинар өткізілді.

Сонымен қатар, ДҚҰО-та «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі мінез-құлыш стандарты әзірленді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобы ДҚҰО қызметін реттейтін кодекстерді, зандарды, нормативтік актілерді мерзімді түрде зерделеп отырады.

Жүргізілген ішкі талдау аясында сыйбайлас жемқорлық ықтималдығының ең осал бағыттары анықталды:

1. Мемлекеттік сатып алулар — ДҚҰО «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бүйрүгімен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерін басшылыққа ала отырып, 2020 жылдың бірінші жартышылдығына мемлекеттік сатып алу бойынша 21 келісімшарт жасасты.

Бұл шарттар рәсімделіп, мемлекеттік сатып алу веб-порталында (www.goszakup.gov.kz) орналастырылған, оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 1 келісімшарт;
- өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен - 1 келісімшарт;
- ашық конкурс - келісімшарт жоқ;
- бір көзден тікелей келісім бойынша - 19 келісімшарт;

2. Кадрларды іріктеу (жұмысқа орналасу кезінде) - ДҚҰО-та 22 қызметкер бар, бос қызмет орны жоқ. ДҚҰО-та кадрларды іріктеу конкурстық негізде жүзеге асырылады. Бос қызмет орны конкурсқа 15 күн қалғанда жарияланады. Ұсынылған өтінімдерді конкурстық комиссия қарайды, әр үміткермен емтихан өткізіледі, емтихан барысында конкурстық комиссия мүшелері арнайы бекітілген сұрақтар қояды. Конкурстық комиссияның шешімі өтініш берушілерге жазбаша түрде беріледі.

ДҚҰО қызметкерлері «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің әдеп кодексі мен қызметкерлердің мінез-құлыш кодексінің нормаларын сақтайады. Талдау кезінде Кодексті сақтауға қатысты ауытқу жағдайлары байқалған жоқ.

Қызметкерлерге қатысты қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік істер жоқ.
Бұқаралық ақпарат құралдарында ДҚҰО қызметкерлерін сынға алған
мақалалар болған жоқ. ДҚҰО қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдану бойынша
сот шешімдері туралы ақпарат жоқ.

3. Кінәрат-талап әрекеті — ДҚҰО-та 2020 жылдың бірінші жартышылдығы
бойынша кінәрат-талап әрекеті (жауапсыз жеткізуашілер) жоқ.

4. Жеке және занды тұлғалардың мәлімдемелері.

Есепті кезенде жеке және занды тұлғалардың 2 мәлімдемесі қаралды.

Жеке және занды тұлғалардың мәлімдемелері белгіленген тәртіpte қаралады,
бұзушылықтар анықталған жоқ.

Талдау нәтижелері бойынша ДҚҰО қызметкерлерінің сыйбайлас
жемқорлыққа жол беретін құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін іс-әрекеттері
анықталған жоқ.

ДҚҰО қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау
мақсатында мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде жағымсыз материалдар
анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері түскен жоқ. Қазақстан Республикасы
Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 «Қазақстан Республикасының
2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы»
Жарлығын іске асыру мақсатында ДҚҰО сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
бойынша 2020 жылға арналған жоспары бекітілді.

Жоспарда келесі іс-шаралар қарастырылған:

1. кәсіпорын қызметкерлері тараپынан жасалған сыйбайлас жемқорлыққа жол беретін құқық бұзушылық фактілері бойынша талдау жасау;
2. ДҚҰО қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық ықтималдығына талдау жүргізу;
3. сыйбайлас жемқорлық ықтималдығына жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы есептерді ДҚҰО сайтында жариялау;
4. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы туралы дәрістер мен семинарлар өткізу;

Бүгінгі күнгі ахуал бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы
бұзушылық тіркелген жоқ.